

Астық сату туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 30 мамыр N 248-ө

1. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мен "Агроцентр" ЖШС арасындағы мемлекеттік ресурстан 36,3 млн. АҚШ долларына балама 214,4 мың тонна азық-түліктік жұмсақ және қатты бидай сатуға жасасқан контракті және "Қазкоммерцбанк" АБ-нің осы соманы 1996 жылдың астық өнімінен астықты мемлекеттік сатып алу жөніндегі вексельдік бағдарламаны қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету үшін 1996 жылдың 1 шілдесіне Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының "Қазкоммерцбанк" АБ-гі ағымдағы шотына есептеу туралы кепілдемесі мақұлдансын.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы астық қабылдау кәсіпорындарымен мемресурс астығын сақтау және өңдеу үшін қажетті есептесулер жүргізсін және оларды "Агроцентр" ЖШС меншігіне белгіленген тәртіппен қайта ресімдесін.

Премьер-Министр